

12 айдың зуртетіне 12 бет арнады,
Жош келісін, Қоян жылы,
Өмірге 1 жыл жалғарды!



Газет 1948 ж.
20 сәуірінен
шыға бастады

Қазақ университеті

№ 3
(1276)
наурыз
1999 жыл

Ұлыс оқ болсын, ақ мал болсын!



Ор, ор қоян,
ор қоян,
Талабы таудай
зор қоян.
Көбейсін биыл
көжектер,
Көжектерге
корек бер.
Таршылықтан
тез өткер,
Молшылыққа
кезек бер!

Сегодня в номере:
Бүгінгі номерде:

Парсылар Наурыз
мейрамын қалай
қарсы алады?
2-бет

Біздің әріптестерден
3-бет

Мұражайда - мерейтой
4-бет

Газетіміз қандай
болуы керек?
7-бет

Тест әдісі шынымен
тиімді ме?
9-бет

Наурыз:
истоки и традиции
8-стр.

С праздником Наурыз!



Әр елдің салты басқа...

“Наурыз” мейрамы Х а қ ы н д а



Алмас Ахметбекұлы

Бидай көже

(ән)

*Бидай көже қайнаған қазан қандай
Наурызда бусанған далам қандай
Будак-будак бұла бұлт таранғандай,
Бунак-бунак тіршілік нәр алғандай.*

Қайырмасы:

*Жеті дәннен күрделген сенің дәмің,
Жеті үннен күрделген менің әнім.
Жеті атадан сақталған сыйдай көне
Наурыздың ырысы бидай көже.
Бидай көже, Бидай көже, Бидай
көже,
Қарап тұрсың, жеңеше, күймай неге.*

*Әппақ дәні аршылған ақ бидайдан,
Ақ келіде жаншылған ақ бидайдан,
Сапырып бір сіміріп сапты аяқпен
Аңыратып ән салсам Әкқугайдан.*

Қайырмасы.

Біздің ата-бабаларымыз ислам дінін қабылдамастан бұрын астрономиялық заңдылықтарға сүйеніп, күн мен түннің теңесер тұсы - наурыздың 21-22 күндерін Жаңа Жыл деп, ең үлкен мереке ретінде тойлап келген. Ұлы ақын Фердоуси Наурызды “Мейрамдардың шахы” десе, белгілі бабамыз Әлішер Науаи болса, “адамдарға әр күні наурыз болсын” деп тілек білдірген. Наурызды Жаңа жыл ретінде тойлау тек Азия елдерінде ғана емес, сондай-ақ әлемдегі басқа көптеген халықтарда да әдетке айналды. Орыстар христиан дінін әлі қабылдамаған кезде бірінші мартты (наурызды) Жаңа Жыл деп мейрамдаған болса, гректердің жаңа жылы - патрих мейрамы да тоғызыншы мартқа (наурызға) тура келеді. ағылшындар болса ХҮІІІ ғасырға дейін 26 мартты (наурызды) Жаңа жыл ретінде қарсы алып келген.

Наурыз-шығыс күнтізбесі бойынша жылдың басталуы, сондай-ақ ол халықтар бірлігінің, достығының, рухани тазалығының мейрамы. Сол себептен бұл мерекені барлық адамдар асыға күтеді.

Алғаш рет Жаңа Жылды 21 наурызда қарсы алған Ауғанстан екен. Мұнда наурызды 1367 жылдан бастап тойлайды. Наурыз атауы әр халықта әр түрлі. Мысалы, Иранда - Норуз, Ауғанстанда - Новруз, түркия мен Иракта - Невруз, Орта Азияда - Навруз. Сондай-ақ, әр халықтың Наурызды қарсы алғанда өзіндік ерекшеліктері бар.

Ұйғырлар бұл мерекені Норуз деп атайды. Норузға 2-3 апта қалғанда суға бидайды салады. Кейін мейрамға бір күн қалғанда әрбір үйде сол бидаймен ботқа және сүмәләк даярлайды. Бұл тағамдарды көршілерге, туысқандарға тарқатады. Сүмәләктен қанша көп адам ауыз тисе, астық соншалықты көп болады деп есептеледі. Алғашқы бес күн ішінде туысқандар, көршілер бір-біріне келіп, жақсы тілектер тілейді. Мейрам жеті күнге созылады, оны халық би билеп, өлең, бейит, қошақ, ән айтып өткізеді.

Ұлыстың ұлы күні табиғаттың, адамдар өмірінің жаңарған күні болып табылады. Наурыз күтты болсын, ардақты ағайындар!

Гүлшаһадәт ИСАЕВА,
журналистика факультетінің
4 курс студенті.

Парсыпар наурыз мейрамын қапай қарсы апады?

Наурыз деген сөздің өзі парсы тілінде “ноу” - жаңа, “руз” - күн деген мағынаға ие екендігі белгілі. Наурыз мейрамы Иранның ерте кездегі тарихынан бастау алады. Тіпті Иран Ислам дінін қабылдамай тұрған кезде осы күн мен түн теңесетін ұлы көктем мейрамы атап өтілген.

Осы мейрам күндерінде көптеген дәстүрлер мен ырымдар, салттар жасалған. Олардың бәрінің де түп-төркінінде философиялық ойлар мен ұғымдар жатыр. Атап айтар болсақ, үй-жайдың тазалығы, ыдысқа дән өндіріп өсіру, есік алдын сыпырып, су шашу, балауыз, айна, майда қызыл балықтар, боялған жұмыртқалардың болуы қазіргі күнге дейін сақталған.

Ежелгі ирандықтардың ұғымынша, Наурыз күні жерге аспаннан періштелер түсіп адамдарға жақсылық, шапағат сыйлайды, ал тазалық болмаған, бір-бірімен ұрысып-керіскен үйге жоламайтын көрінеді. Сондықтан да үйдің таза болып, татулық, сыйластықтың сақталуы - басты

шарттардың бірі саналады.

Бұдан басқа осы Наурызға байланысты “Он үшін үйде қарсы алмау” деген салт сақталған. Ежелгі парсылардың ұғымынша 13 саны сәтсіз саналған. Наурыз айының сол күні үйде отырған адам жақсылыққа жалықпайды-мыс. Сондықтан да дәл сол күні парсылар табиғат аясына шығып, серуендеп, тыныстаған.

Жыл басы Наурызға бірнеше күн қалғанда көшеде мейрамның келе жатқанын хабарлап өлең оқып, ән айтатын адамдар жүрген. Шошақ бөрік, қызылдан киім киінген мерекелік топты “Аму Наурыз”, яғни “Хаджи Наурыз” деп атаған. Наурыз мейрамы жалпыға бірдей қуаныш сыйлауы үшін ауқатты адамдар келелерге, көріп жандарға көмектесуге асығады. Мұны “мейірім-шапағат мейрамы” деп атайды.

Жыл басы - Наурыз күні дастарханға атауы “с” әрпінен басталатын дәстүрлі 7 түрлі тағам қойылады. Оның ішінде

“сабзи”, “саману” деп аталатын өсімдіктер үйде қолдан өсірілуі тиіс. Олдан басқа міндетті түрде Құран, айна, балауыз, т.б. дастарханнан орын алуы керек.

Наурыз айының соңғы бейсенбінде ирандықтар қайтыс болған аруақтарға Құдайдан рахым тілеп, бейітке барады. Туыстары осы күні қайтыс болған адамның жақын-жуығына жаңа киімдер сыйлайтын салт та бар.

Тағы бір айта кететін жайт - туыстардың арасында алауыздық, ұрыс-керіс болған жағдайда татуласуға міндетті.

Мемлекеттік қызметкерлерге Наурыз мейрамына орай бір жалақының көлемінде жәрдемақы беріледі. Сонымен қатар көктем мейрамына орай арнайы демалыс күндер белгіленген.

МУҚАН АҚСЕЙІТОВ,
Шығыстану факультетінің
парсы бөлімі



Ұлыс бақты болсын,
Төрт түлік ақты болсын!

Біздің әріптестерден

Т.Жүргенов атындағы

Қазақ мемлекеттік театр және кино өнері институтының алдында 100 жылдық мерей тойына орай Жүргеновтің құрметіне ескерткіш орнатылады. Оның салтанатты ашылуы 26 наурыз күні өтеді. Ал 27 наурызда институт жыл сайын тойланатын халықаралық театр күніне байланысты мерекемен бірге наурыз тойын тойламақ.

Институттың алдында киіз үйлер ігіліп, студенттер өз өнерін ортаға салатын сахна құрылады.

ҚазҰТУ

Халқымыздың қалаулы ұлы

Қаныш Сәтбаевтың 100 жылдығына байланысты университет алдына ескерткіш орнатылып жатыр. Сонымен қатар жақын жақын арада үлкен конференция өтуі керек деп күтілуде.

Осы мерейтойға байланысты "Студенттер көктемi" фестиваліне университеттегі 9 факультеттің майталман студенттері қызу дайындық үстінде.

Бір қызығы бұл фестиваль осымен отыз үшінші рет өткелі отыр.

ҚазМЗУ

Мерейтой

Жақында аталмыш университеттің құрылғанына 5 жыл толғалы отыр. Осыған орай наурыздың 19-шы жұлдызында Республика сарайында үлкен мерейтой болмақ.

Ақпарат-айдын

Ғафу етіңіз!

“Аттестация жүріп жатыр”

деген тақырыппен газетіміздің өткен санының дәл осы бетінде, нақ осы жерінде жарияланған филология факультетінде оқытушыларды 30 пайызға қысқарту мәселесі қаралғаны туралы телефон арқылы алынған ақпарат жалған болып шықты... Факультет ұжымынан және оқырмандарымыздан кешірім өтінеміз.

Қайрат Рысқұлбековті еске алды

Наурыздың 12-жұлдызында журналистика, филология факультеттерінің әдеби бірлестіктерінің ұйымдастыруымен Желтоқсан оқиғасының құрбаны Қайрат Рысқұлбековтің туған күніне байланысты еске алу кеші болып өтті.

Кешке Қайраттың ұстазы Сейіткөрім Қожаназарұлы, “Қайрат” корының төрағасы және Қайраттың соңғы сапарына дейін бірге болған, Қадырғали, Жамбыл секілді жігіттер, сонымен бірге басқа да бірнеше ел азаматтары қатысты.

Алғаш сөз алған С.Қожаназарұлы Қайраттың соңғы сөздерінен біраз естеліктер келтірді.

Кезекті сөз алған “Жалын” баспасының қызметкері Жұман Тұржанов Қайраттың туған күніне байланысты шыққан “Ер намасы ел намысы” атты жинақтың дүниеге келгенін салтанатпен атап өтті. Жинақтың шығуына тікелей атсалысқан жерлестеріне ризашылықтарын білдірді.

Аталмыш кешке “Бостандық” ауданының әкімшілігі де өз үлесін қосты. Олар университет студенттеріне Қайрат атындағы бір айлық стипендия тағайындайтындықтарын айтып өтті.

Кеш университет студенттерінің әсем ән-жырына ұласты.

Наурыз аруы - 99

Қыз өссе, елдің көркі...

Қашанда қазақ қыздарын, аруларын қадірлей, қастерлей, аялай ұстаған. Шаңырағының оң жағынан жайғастырып, төрден орын берген. Сондай өнерлі, шебер аруларымыздың байқауы 17 наурыз күні журналистика факультетінде өтті. Байқауға 1-4 курс студент қыздарымыз арасынан 9 ару қатысып, өз өнерлерін көрермендерге барынша көрсете білді. Олар бөлімнен тұратын сайыста өздеріне лайықты атқа ие болды.

Әділқазылар алқасының шешімі бойынша бас жүлде 4-курс студенті Жалбиева Балжанға, 1-ші орын Рахметова Райханға, 2-ші орын Бердалиева Нәзираға, 3-ші орын Иманқұлова Айнұрға берілді. Бауыржан Жақып ағамыз бастаған қазылар алқасының әділ шешіміне көрермендер разы болды.

Бүгінгі Жібегіміз бен Баянымыз, Еңлігіміз бен Сараларымыздың сайысы факультет студенттері дайындаған сыйлықтарының тапсырылуымен аяқталды.

Ақпарат-айдының материалдарын дайындағандар:
Айгүл ҚУАН, Гүлмира ӘБШЕВА, Ләззат БЕКТАС.



Ұлыс береке берсін,
Бәле-жала жерге еңсің!

Біздің мұражай - Қазақстандағы алғашқы ашылған жоғары оқу орнының бірі - Әл-Фараби атындағы Қазақ Мемлекеттік Ұлттық Университетінің құрылу, даму тарихына арналған.

Бастапқыда қоғамдық бастама негізінде 1970 жылы университетте С.М.Кировке арналған мемориалдық бөлме ашылған. Өйткені, 1934 жылы 15 қаңтарда университет ашылғаннан кейін, сол жылдың 5-желтоқсанында Қазақ Мемлекеттік Университетіне С.М.Киров есімі берілген болатын. Мұражайды құруда, ұйымдастыруда Қазақстан мәдениетіне еңбек сіңірген қызметкер Тамара Петровна Струтиннің еңбегі ерекше.

80-жылдардың аяғында университет тарихы жайлы мұражай ашу туралы шешім қабылданды.

1989 жылы 27 наурызда салтанатты түрде Қазақ Мемлекеттік Университет тарихы туралы мұражай ашылды.

1991 жылы 23 қазанда Қазақ ССР Министрлер кабинетінің қаулысымен университетімізге шығыстың ұлы ойшылы, энциклопедист-ғалым Әл-Фараби есімі берілді. Сондықтан университет мұражайын да Әл-Фараби есімімен атап, мұражай қызметкерлері Әл-Фараби өмірі мен қызметі жайлы деректемелер жинаумен айналысуда.

Университет мұражайы екі үлкен залдан тұрады. Бірінші залда университеттің құрылуы, тұңғыш мұғалімдердің, университет қабырғасына қабылданған студенттердің (небәрі 54

студент) суреттері, сынақ кітапшасы, студенттік билеті секілді құнды экспонаттар бейнеленсе, алғашқы университет ғимараты көрсетілген диорама - сол кездегі кезең жайлы сыр шертеді.

Мұражайымыздағы Ұлы Отан соғысына арналған мүйіс университетіміздің майданға аттанған студенттері, ұстаздары, қызметкерлері жайлы. Қазақ Мемлекеттік Университет ұжымынан майданға 111 мұғалім және қызметкер, 176 студент, соның ішінде 30 қыз аттанғаны жайлы дерек бар. Олардың арасында ҚазМУ-дың тұңғыш ректоры Ф.Т.Оликов, А.Т.Лукьянов, Н.С.Страшников, Ш.А.Құсанова, Н.М.Петрова, көптеген жылдар филология факультетінде қызмет еткен, Советтер Одағының Батыры, Қазақстан Республикасы Ғылым Академиясының академигі, профессор Мәлік Ғабдуллин, Брест қамалын қорғаушы, физика-математика факультетінің мұғалімі Т.Сатыбалдин, осы факультеттің аспиранты Г.Деревянко, биология факультетінің студенті В.Фурсов, тарих факультетінің студенті Ғ.Жұматов бар.

Заманымыздың ұлы суреткері көрнекті ғалым, академик, дүние жүзіне белгілі қазақ жазушысы, профессор Мұхтар Омарханұлы Әуезовке арналған бұрыш та сан алуан фотосурет, архивтік айғақтарымен көз тартады.

Университет мұражайында Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын сөз ететін арнаулы бөлме ашылды. Онда ғалым бабамыздың өмірбаяны, еңбектерін алынған қанатты сөздер, оның әр жылдары түрлі тілдерде жарық көрген еңбектері (оның қалам тартпаған білім саласы кемде-кем деуге болады: тіл, әдебиет, философия, логика, математика, механика, география, физика, этика, эстетика, музыка саласындағы

трактаттары) Әбу Нәсір әл-Фараби жайында жазылған шығармалар, Отырар перзентінің портреті, 1973-75 жылдары ұлы ойшылдың 1100 жылдық тойына байланысты өткен халықаралық ғылыми конференция материалдары, Әл-Фарабидың жүріп өткен жолы (туған жері Отырардан бастап, Бұқара, Тегеран, Бағдат, Дамаск, Каир) кескінделген диорама, Әл-Фараби жайында ибн Халикан, ибн



Роза ӨМІРӘЛИЕВА,
мұражай директоры

Саид әл-Кифти, ибн Әби Усайбға секілді тағы басқа тұлғастары жазған бірқатар еңбектері, Әл-Фараби мұрасын зерттеушілер А.Қасымжанов, А.Көбесов, Қ.Жарықбаев, С.Сатыбекова, Ж.Әлтаев, Ә.Б.Дербісалиев секілді ғалымдардың еңбектері, университетке келген Ясир Арафат секілді шетел қазақтарының сыйлаған сыйлықтары қойылған.

Ең үлкен залымыз университеттің бүгінгі тыныс-тіршілігіне, факультеттердің өміріне арналған. Онда қойылған экспонаттар әр факультеттің тарихы, оқытушылар мен студенттердің ғылыми жумыстары, ғылыми конференция материалдары, университет мақтаныш тұтатын тулектері жайлы мәлімет береді.

Тағы бір айта кететін жәй - бізде жыл сайын университет қабырғасына қабылданған бірінші курс студенттерінің университетпен танысуын мұражайдан бастау дәстүрі бар. Мұнда олар университет тарихы мен өмірі жайлы келелі мағлұматтар алады.

Сонымен қатар біздің университетіміздің еңбек ардагерлері де жылда 9-мамыр Жеңіс күні мұражайда бас қосып, өткенді еске алысады.

Біздің мұражайға сырттан қоңақтар, мектеп оқушылары, шет ел қоңақтары, жоғары дәрежелі делегациялар да келіп жағайды.

Мұхамед Хайдар Дулати атындағы Жамбыл университетінің қызметкерлері, Қазақ мемлекеттік басқару академиясының қызметкерлері тағы да басқа жоғары оқу орындарындағы мұражай қызметкерлері қонақта болып, өздерінде мұражай ашуға біздерден көмек, кеңес алып кетті.

Шаңырағымыздың табалдырығын аттаған ел басшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев мұражайымызбен танысып, ризашылық көңілін білдірді.

Осы айдың 27 күні біздің мұражайымызға 10 жыл толады. Ендігі мақсатымыз - мұражайымызды жаңадан ашылған факультеттердің, университетіміздің жаңа жетістіктерін, тыныс-тіршілігін көрсететін экспонаттармен кеңейтсек дейміз.



Университет активі. 1934 жыл.

Мерейтой

Доктор Шеденов



сыйлығының иегерінің қосқан үлесі өзінше бір ұзақ әңгіме. Илияс, Назым атты балалары, Сәуле келіні мен Мәлике, Дәмелі деген немерелері осы Үлкен үйдің болашағы да беркесі...

Өзім университет студенті болғалы екпіншеі басқан орта бойлы, қалың кара шашы әлі сұйыла да, ағара да қоймаған жігіт ағасын соналайдан танимын. Өтекең үлкенге де, кішіге де - профессорға да, студентке де бірдей, аламай амандасады. “Неге олай екен?” - деп те ойлаймын. Соның себебін өзімше топшылайтын сияқтымын. Өйткені педагог-ұстаз ағамыздың жаны нәзік, ғалым тек экономика ғылымына құлай берілген жан емес. Ол өнерді, әдебиетті, журналистиканы да бөтенсімейді, жат санамайды. Бәла апаиды көргенде, неге Лермонтов еске түспесін. Тіпті айта берсек, Өтекең Журналистер одағының мүшесі, әрі Қазақстан Республикасы Журналистер одағы сыйлығының лауреаты. Өне, солай...

Кісіні бір көргеннен өз орбитасына тартып, үйіріп әкететін жандар, меніңше, купия бір әлем, өзгеше бөлек дүние. Осы қысқа ғұмырымда әзірге олардың екі типін көргендеймін. біріншілері (бәлкім, соңғылары шығар) өз кара бастарының ат-әбзелін сонау ту-туден қамдап, түпкі есебін түгендеп, іші-бауырына кіріп, тіпті туысындай қасыннан екі елі қалмайды. Құдды көлеңкен іспетті. Екіншілері (мүмкін, біріншілері болар) алыс жүрсе де етене досындай жылы сәлемдесіп, табиғи күлімсірей хал-жайыңды сұрап, шын жанашырлығын білдіруден жалықпайды. Біздің отбасымыз, әсіресе марқұм мамам, әмісе осындай таза адамдарды іштей жоғары бағалайтын-ды.

Несін айта берейін. мына ку тіршілікте анау да, мынау да, ойпаң да, өр де жетіп артылар. Басына түскен қайғы-мұңға ортақтасатын адамдар да сирексіп бара жатқандай ма, қалай? Бірақ сондай азаматтардың елідей болса да барлығы жаныңа шуақ түсіреді, көңіліне медет отын жағады. Қазақ: “тұқымы басқаны нокта қосады, туысы басқаны мұрат қосады” - дейді ғой. Сондай көңілі жақын, жүзі шырайлы ағаларымыздың бірі - бүгіндер Алпыс деген бекетке іліккен Өтеғали Қалырғалиұлы Шеденов. Экономика ғылымының докторы, университетіміздің кемел ұстазы, профессор. Өтекеңнің отбасындағы ұйыған тіршілікке жұбайы Бәла Ғабдулғалиқызы Ахметова-физик-профессор, КСРО Мемлекеттік

Ал тікелей өз саласына ат басын тіресек, профессор Ө.Қ.Шеденовтің 300-дей ғылыми еңбегі, оның ішінде 40 монографиясы еліміз экономикасы дамуының теориясы мен практикалық кезендері десс де болғандай. Тек соңғы жылдары дүниеге келген “Проблемы социально-экономического развития отдельных регионов Казахстана” (1990), “Банки и кредитная политика в условиях переходной экономики” (1995), “Государственное регулирование экономики Казахстана в условиях перехода к рынку” (1996), “Экономические либералы тарихы” (1997), “Аграрный сектор рынка: проблемы, перспективы развития” (1998) секілді сүйекті-сүйекті еңбектері алғыр ғалым ізденістері мен зерттеулерінің бағыт-бағдарын аңғартқандай, транзиттік экономиканың жай-жапсарын көз қарақты оқырмандарына шегелеп бергендей. Сондықтан болар, “ауыл стихиясын сырттан шолып, әліптің артын бақсақ, тағы да оңбай опық жеріміз анық”, “жеңіл өнеркәсіпті тұрақтандыру, сауықтыру шаралары шикізат - өндіріс - өткізу тізбегі негізінде салааралық барлық қажет тетіктерді бір мезгілде іске қосуға саяды”, “жеңіл өнеркәсіпті түрлі салықтардан уақытша босату немесе жеңілдіктер беру, оңтайлы қаржы-несие саясатын жүргізу, тоқтап қалған өндірістік қатынастарға жан бігіру, өзара



төлем механизмін жетілдіру, маркетингтік әдісті икемді пайдалану” тұрғысынан қарастырылған экономист-ғалым тұжырымдары бүгінгі рыноктың осал да жұқалтаң жақтарын тап басып тұр.

Осы заман ғалымы, әрине, Қайта өрлеу дәуірінің әмбебап оқымыстылары емес. Қазір ғылыми өрістіліктен гөрі ғылыми терендіктің бәсі артық. Десек те Өтекеңнің лекторлық шешендігі, ғылыми-педагогтік қыры тұрасында айтпай кетуге есте болмайды. Уәжді сөзімен, нанымды пікірімен шәкірттерін студенттік аудиториядан ғалымдыққа ерінбей-жалықпай жетелейтін де осы Өтеғали ағамыз. Профессор Шеденовтің жетекшілігімен 28 аспирант пен ізденуші кандидаттық диссертацияларын табысты қорғап шықты. Ол сондай-ақ 4 ғалымның докторлық дәрежеге жетуіне бас-көз болды.

Халықаралық ақпараттану академиясының, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының, Еуразия халықаралық экономикалық академиясының толық мүшесі Өтеғали Қалырғалиұлы Шеденовтің өмір белестеріне көз жүгірте отырып, менің ойыма Доктор Фауст, Доктор Живаго, Доктор Дарханов, Доктор Сукарно сынды көркем әдебиет кейіпкерлері, тіршілік құрған қайраткерлер оралады. Осылар хақында ата-анам көп айтағын, өзім де шет жағасын жақсы білетінмін. Қарасаңыз, барлығы - бір-бір әлем. Демек, біз - журналистер әлем зерттеушісіміз, адам зерттеушісіміз. Бақсаңыз, адамзат баласы жарық пен жылуга ұмтылады, өйткені ол күннен туған (М.Горький), себебі ол Күнге бет алады (Ә.Әлімжанов). Жарық пен жылуды экономикасы өрге басқан өркениетті елдер ғана азаматтарынан аямайды. Жарық пен шуақ төбеңізден төгіліп тұрсын, Өтеғали аға! Керуеніңіздің жүгі сшқашан аумасын!

Әлия ҚАМЗИНА.

Көршінің қызы

Көршінің қызы керемет еді,
Әкесі де оның жақсы адам.
Ауылдан біздің неге кетеді,
Ауа райы ма жақпаған?!

Ол қызға берер антым да
дайын,
Сағына білдім әр тәулік.
Алты құрлыққа атыңды
айтайын,
Алфавиттегі алты әріп.

Ғашықтар халқы ұлылық
күтті,
Орындалмасын кім білген?..
Қағаз гүлдердің ғұмыры тіпті,
Ұзақтау екен шын гүлден.

Ештеңе етпес кідіріп келсе,
Уақыттың ұзақ көшінен.
Естелік үшін бір күліп берсе,
Ажалдың өзін кешірем.

Көршінің қызы керемет еді,
Әкесі де оның жақсы адам.
Ауылдан біздің неге кетеді,
Ауа райы ма жақпаған?!

Бекжан ӘШІРБАЕВ.

Наурыз-жыр



Жасың қутты болсын,
Өмір жасың ұзақ болсын!

Одним из самых крупных праздников у народов Центральной Азии и Казахстана считается Наурыз, отмечаемый в день весеннего равноденствия (когда день и ночь сравниваются по продолжительности времени) - 22 марта. Истоки и ритуалы Наурыза, в том числе следы почитания природы, восходят к зороастрийскому Новому году. Как известно, неперменной обязанностью, которую Зороастр или Заратуштра возложил на своих последователей, стало ежегодное празднование семи больших праздников, посвященных Ахура-Мазде, шести Алиэта - Спента и их семи творениям. В действительности по своему происхождению это были праздники скотоводов и земледельцев, которые Зороастр приспособил к своей

религии. Дело в том, что основой жизни казахов на протяжении веков являлся скот. После долгой суровой зимы домашние животные получали возможность набрать свою силу, наслаждаясь весенней травой и потому казахи с восторгом воспринимали приход весны.

По зороастризму люди отмечали 6 праздников и 7 творений природы. Вот их названия, сохранившиеся в младоавентийских формах: Май-дйой - заремайа ("Середина весны"), Маидйой - исма ("Середина лета"), Пай-тишахйа ("Праздник уборки зерна"), Айатрима ("Празднество возвращения домой скота с летних пастбищ"), Маидйаирйа ("Середина зимы") и, наконец, праздник с названием неясного происхождения Хамас патма эдайа, посвященный угощению в честь фраваша (он праздновался в последний вечер года, накануне весеннего равноденствия).

Огонь у предков казахов всегда занимал особое место. Поэтому и праздник ему выделялся отдельный. По персидски он назывался Ноуруз (буквально "Новый день"). Авестийское его название до нас не

дошло. Заратуштра приурочил этот праздник к весеннему равнодействию.

Если подойти к вопросу, как праздновался Наурыз у казахов, то по установившемуся поверью в этот день народ избавлялся от зимних тягот, радовался за благополучную сохранность скота. К наурызу каждая семья готовила ритуальное блюдо (наурыз-коже). Оно состояло из семи элементов традиционных продуктов (мясо оставишеся от согума, головы барана, молоко, курт, пшено, рис, лук, морковь). Отведав их, казахи надеялись питаться коже в течение последующего года. Празднование Наурыза продолжалось три дня и все аульчане, поздравляли друг друга, желая счастья и благополучия. Как правило, Наурыз начинался айтысом между девушкой и джигитом, олицетворявшим символичную борьбу добра и зла, тепла и холода, зимы и весны.

Праздник заканчивался народными играми, состязаниями, в которых активное участие принимали люди всех возрастов.

Ерлан МУХАМЕДЖАНУЛЫ,
ассистент кафедры археологии
и этнографии КазГУ.



Салауаттылық - өмір салты



Дене тәрбиесінің бір пәрменді түрі - Қытайдың "Цигун" гимнастикасы. "Цигун" деген сөзі "ци" - энергия, күш-қуат, ал "гун" - қимыл, қозғалыс деген мағына береді, сонда "күш-қуаттың қимыл қозғалысы" деген түсінік береді. Яғни осы гимнастика арқылы денедегі күш-қуат қиымылын, бағытын, қан айналысын, демалыс кұбылыстарын реттеу деген сөз. Бұл гимнастикамен шұғылданған кезде бүкіл денені, бас терін, құлақ, мұрыннан бастап аяғыңның бармақ-башпайларына шейін қимыл қозғалыста болады. Жаттығулар қатты күш жұмсамай-ақ, жай қимылдар

"Цигунмен" шұғылданам десеніз...

сәтінде дем алуды реттеу арқылы жасалады, сондықтан жаттығу кезінде шамалы жіпсігенінмен, қатты терлемейсің.

тәжірибелі гимнаст-терапевт, Пекин университетінің "Цигун" саласындағы шебері, профессор Ли Ци Шеннің шәкірті

жаттығуға тегін қатысады. Осындай 10-15 адамдардан тұратын бір топ жаттығушылар екі жылға жуық осы "Цигунмен" жаттығудамыз.

"...Денсаулықты нығайту жөніндегі біздің стратегиямыз азаматтарымызды салауатты өмір салтына өзірлеуден басталады..."

"Цигун" гимнастикасының бірнеше мыңдаған жылдық тарихы бар, бүкіл қытай халқы шұғылданатын дене тәрбиесі. Соңғы жылдары гимнастиканың бұл түрі біздің Қазақстанда, оның ішінде оңтүстік астанамыз - Алматыда соңғы 1-2 жылда өріс ала бастады. Әсіресе ҚазМУ-дің спорт сарайында ұйымдастырып, жаттықтыру жұмыстарын жүргізу -

В.И.Спиридоновтың атымен тікелей байланысты. Жаттығулар жазда таза ауа далада, ал қыста кілем төселген ыңғайлы залдарда өтеді. Келемін, қатысамын деушілерге жас, жыныс жақтарынан шектеу жоқ. Жаттығуға сақалды профессормен қатар жас студенттер, тіпті ата-аналармен бірге келетін жас балалар да қатыса алады. Университет қызметкерлері

"Цигун" - денені шынықтырудың, денсаулықты жақсартудың, аурулардан аулақ болып, өмірді ұзартудың негізгі бір жолы. Негізгі жаттығулар жұмыстан кейінгі уақыттарда өткізіледі. Келемін деушілер 47-06-86, 47-06-80 телефондары арқылы хабарласуларына, немесе университеттің спорт кешеніне келіп, жаттықтырушымен тікелей кездесіп, қай уақыттарда жаттықтырумен айналысуға болатыны туралы келісуге болады.

Е.ЖАМАЛБЕКОВ,
"Цигун" гимнастика-
сымен жаттығушы.

Бүтін өлеңнің шегесін босатпайық!..

“Қазақ университеті” газеті соңғы кезде тартымды, танымды, айшықты бола бастады. “Көлемі шағын” деп менсінбей қараушылардың пәс көнілін мазмұнымен серніп келеді. Оқитын болдық. Әр материалда “не бар екен” деп үйілетін әдет шығарлық. Сол әдет амалсыз уәж айтқызып отыр. 8-наурыз мейрамына арналған санының тура бірінші бетіндегі М.Мақатаев өлеңінің әйелдерге арналған бір шумағының бірінші жолы:

...Кейбіреулер әйелдерді көп дейді, -
деп беріліпті. Мұқаң ол жолды:

Әйелдерді еркектерден көп дейді, - деп әр сөзін өз орнына мән-мағынасымен шегелеп тастаған ғой. Қара өлеңнің қасиетін арттырған ақын ағамыздың бүтін дүниесінің шегесін босата бермейік те.

Зәуре ЗАХАНОВА,
5 курс студенті.

Редакциядан:

Мұқағали әруағы саған да разы..

Қадірлі Зәуре! Сенің уәжін орылды. Әр шығармасы халықтың жадында жүрген Мұқағали ағаның әруағы да саған да разы. Біз жадымызға сеніп, көңілімізде қалған шумақты берсек, шыңдығыңда қателесіпсіз. Барлық оқырманнан да, сенен де ғафу өтінеміз.



С 15 по 19 марта прошли семинары на тему "Разработка проектов" и "Фандрайзинг".

Целью семинаров обучение научных сотрудников, преподавателей, молодых ученых, специалистов и НПО навыком составления проектов и привлечения средств для их осуществления.

Поэтому научно-исследовательская часть на базе отдела научной информации и защиты интеллектуальной собственности при поддержке профсоюза работников КазГУ пригласила специалистов из Каунтерпарт Консорциума для проведения семинаров.

Участники получили базисные знания в области логичных и обоснованных заявок на гранты, отвечающие требованиям международных стандартов.

Ақпарат-айдын

10-наурызда журналистика факультетінде АҚШ сенатының жиырма жылдан бері мүшесі, белгілі саясаткер, заңгер, конституциялық, азаматтық құқық салаларының білгірі Джон Андерсенмен кездесу болып өтті.

Егер оның 1980 ж. Р.Рейганның басты қарсыласы ретінде Президент сайлауына қатысқанын қоссақ, ірі қайраткердің тулғасы сомдала түсер еді.

Д.Андерсен мырза өз елінің конституциялық құрылысы мен демократиялық үрдістері туралы кеңінен баяндап берді. Студенттердің

күрд проблемасына, Б.Клинтонның жеке басына қатысты сұрақтарына жауап берді.

Қазақстанның конституциясымен таныса отырып, оның "АҚШ Конституциясына ғаламат ұқсастығын байқадым" деген сөзі шыңдықтан гөрі демократиялық сыпайылыққа негізделген студенттердің шұғыл репликасынан байқадық. Мәселе, елімізде таяуда өткізілген Президент сайлауына және жалпы демократияның жай-күйіне ауысқанда Дж.Андерсен мырза бұл жөніндегі АҚШ-тың мемдепартаменті мен ОБСЕ-нің қорытындыларымен толық келіскендігін, сайлау барысында көптеген оққылықтар жіберілгендігін, қалай болған күнде де демократияның нығая беретіндігінен үмітті екенін айтты.

Мұхтар СЕҢГІРБАЙ



Асқа толсын табағың,
Лышқ болсын қабаттың!

Мнение

Какой должна быть университетская газета?

Издание университетской газеты, как, впрочем, и любое начинание, требует определенных денежных вложений. Финансовая сторона дела уложена. Старт взят. Однако, чтобы "выжить" на газетном рынке и победить в борьбе за своего читателя, необходимо наиболее полно задействовать не только технические, но и творческие, интеллектуальные ресурсы. Но и это не является залогом неперемного успеха, ведь видение целей и задач газеты у каждого свое. И, счастье, если мнение редакции по этому вопросу созвучно интересам и потребностям читательской аудитории.

Итак, какой же должна быть университетская газета, какой ее хотят видеть и читать?

Какен ХАМЗИН, экс-редактор газеты "Қазақ университеті":

- Газета должна быть более демократичной, более приближенной к студенческой аудитории и разнообразной по жанру. Надо выпускать газету в цветном варианте, а также предусмотреть разнообразие фотоматериалов. А заодно изменить формат и периодичность "Қазақ университеті". Необходимо распространять газету и в других ВУЗах, налаживать связи с другими студенческими изданиями.

Айнур КАРГАЛИНОВА, корр. "Қазақ университеті":

Я считаю, необходима литературная страничка для выявления новых талантов. Хотелось бы, чтобы побольше помещалось материалов, затрагивающих насущные проблемы материалов.

Қайрат Саков, директор издательства "Қазақ университеті":

- "Қазақ университеті" газеті қазақ білімінің қара шаңырағы - ҚазМУ-дің органы болғандықтан, Ахмет Байтұрсынұовтың тілімен айтқанда, осы оқу орнының "көзі, құлағы, бөмі тілі қызметін" атқаруы керек деп білемін. Бұл - үлкен міндет. Оны жүзеге асыру үшін редакция қызметкерлері аянбай тер төгуі керектігі өзінен-өзі түсінікті. Ең бастысы, газеттің оқылатын басылымға айналуына көңіл бөлген дұрыс. Осы бағытта соңғы уақытта бірталай іс тындырылып жатқанының куәсі болудамыз.

Мадина А., студентка международных отношений:

- Мне было бы интересно, если бы тематика газеты была более обширна и разнообразна. Например, освещение деятельности других ВУЗов, как участья, о чем думают студенты.



Дәулетті бас берсін,
Бақытты ас берсін!
Ұлыстың ұлы күнінде
Ұлың оңға қонсын,
Қызың қырға қонсын!
Әумин!

Ах, этот праздник - день весенний!

Зима упорно не желает уходить и не смотря на то, что уже март, снег устилает землю белоснежным пухом. Вот уже трижды мы праздновали Новый Год. Ну когда же суровая красавица уступит место ласковой весне. Может быть, она ждет последний праздник, который определяется как равноденствие дня и ночи - праздник Наурыз.

Мы празднуем его согласно традициям наших предков. В обязательном порядке главным блюдом дастархана является наурыз коже, который готовят из семи ингредиентов. Талантливые импровизаторы каждый год демонстрируют свое красноречие в айтысах, народные игры и соревнования - неотъемлемая часть праздника.

Интересно, а как празднуют Наурыз иностранные студенты КазГУ?

Проведенный опрос показал, студенты из Турции называют Наурыз - Нэврюзом, то есть праздник весны. У себя на родине любимый обычай - каждый год готовить еду на улице и раздавать прохожим. У нас в Алматы в праздничный день они гуляют, пробуют национальные казахские блюда и наслаждаются своей слух песнями и кюями. Особое восхищение у турков вызывают юрты с орнаментами и украшениями.

Монголы называют Наурыз - Цагаан Сар, что в переводе означает белый месяц. Они празднуют Наурыз так же, как и мы, но не делают Наурыз коже. А с недавних пор монгольские студенты научились готовить весенний суп и с удовольствием делают его каждый год.


Корейские студенты предпочитают роль зрителя. Они просто гуляют, наблюдают, но не участвуют в праздновании. Препятствие, как объяснили они мне, незнание казахского языка, чем немало удивили. Все мои попытки объяснить, что языковой барьер вовсе не препятствие, потерпели поражения. Они аргументировали это тем, что "Президент говорит на казахском языке". Спорить с ними по этому поводу я не стала.

Самое примечательное то, что иностранным студентам нравится встречать наш Новый Год с его обычаями и традициями.

И напоследок хочу пожелать теплых весенних дней всем и каждому.

Айнур КАРГАЛИНОВА.





Гүлге толсын өңірің,
Көңілді өтсін өмірің!

Екі-үш жылдан бері жоғарғы оқу орындарында студенттердің білім деңгейін тексерудің ең бір ыңғайлы тәсілдерінің бірі ретінде тест әдісі қолданылып жүр. Оның уақытты үнемдеуде және оқытушы мен студенттер қарым-қатынасын реттеуде үлкен себі бар екендігі жөнінде аз айтылып жүрген жоқ. Бұл әдістің тиімділігі жөнінде арнайы мамандардың пікірін естіп-біліп те жүрміз.

Бірақ осы мәселе жөніндегі студенттер қауымының ой-пікірін біздің оқытушылар мен осы жаңалықты енгізушілер біле ме екен? Біздің мақсат та осы олқылықты толтыру.

Бес семестр бойы жинаған “тәжірибемізде” біз емтихан тапсырудың ауызша, жазбаша және тест жүйесін пайдалану түрлерінің түгел дерлік өз деңгейімізде біліп байқадық, көп нәрсені көңілге түйдік. түйсінгеніміз - жоғары оқу орындарындағы оқыту методикасының әлде де біраз өзгерісті қажет ететіндігі.

Нақты іс барысында біздің көзіміз жетіп, көңіліміз сенген жайттар:

1) тест жүйесі оқытушының барлық студенттің білім деңгейін жете бағдарлап білуіне мүмкіндік бермейді, себебі бұл жерде студент пен оқытушы арасында ешқандай қарым-қатынасқа жол берілмейді, тікелей байланыс болмайды.

2) бұл әдіс нақтылық пен дәлдіктің үлгісі бола алмайды, себебі тест жүйесіндегі ерекшелік ондағы сұрақтардың өте ықшам, қысқа, неғұрлым нақты (яғни, қысаң) болуын талап етеді, ал айналасы 70-100 сұрақ көлемінде тұтас бір ілім бойынша студенттің толық дайындығын білу мүмкін емес. Яғни, тест сұрақтары гуманитарлық

Тест әдісі шынымен тиімді ме?

(“Будущее за тестированием”, “Қазақ университеті”, 1999, №1, 5-бет)

сала пәндеріне ауадай қажет талдау, талқылау, баяндау, сипаттауды көтермейді, олардың сипаты көбіне үстірт болып келеді.

3) тест жүйесіне көшудің бір себебі оқытушы мен студент арасындағы ауыз жаласу мүмкіндігін неғұрлым болдырмау мүддесінен туындағанымен, оның жең ұшынан жалғасуға кедергі болар түрі көрінбейді. “Қалауын тапса, қар жанар”, яғни тест сұрақтарын өзі дайындаған оқытушының жоғарыдан бекітіліп, қабылданған сұрақтармен студенттерін алдын-ала таныстырып қоюы да ғажап емес.

4) ауызша емтихан тапсыру үстінде студенттердің өзара қарым-қатынас жасауына мүмкіндік жойылады, әрбір студент сынақ алушымен бетпе-бет және жеке-дара кездесуге мәжбүр болады. Яғни, әділ ұстаздың алдынан дайындықсыз немесе оқуға құлықсыз студенттің сытылып шығуы екіталай. Көңілге күдік орнатар жағдайлардың болғанының өзінде мұндай сынақтан кейін кімнің кім екендігі өзінен-өзі әркімге-ақ ұғынықты болады. Ал тест әдісі, керісінше, студенттердің өзара қарым-қатынасына өте қолайлы жағдай туғызады. Мәселен, сынақ, емтихан секілді құбылыстармен қатар жаратылған көшіру, “көмек сұрау”, “шпаргалка” пайдалану (баламасын таппадым - Г.О.) “әдіссымақтары” тап осындай қарым-қатынас кезінде қанат жаяды.

5) барлық тест нәтижелерін арнайы орталықта қорытындылап, бақылап отыратын соңғы нүкте - компьютер. Ешқандай толқу мен күмәндануды көтермейтін жансыз техника көп жағдайда талай боздақтың “тағдырына” төреші екендігін ескере бермейді. Яғни тапсыру қағазындағы жауап кестесін дұрыс толтырмағандар да немесе абайсызда қаламының ұшын қажетсіз уға тигізіп алғандар да “қатардан шыға” береді. Мұндай келеңсіздіктерді ұқыпсыздық, тіпті

жауапсыздық деңіз, бірақ емтихан алдындағы толқу мен сынақ кезіндегі қобалжу бәріміздің басымыздап өткен жоқ па?

6) тест нәтижелерінің көбіне үстірт болатындығының жөні де бар. Ауызша емтихан барысында өзінің толық дайындықсыз екендігін байқатып алған студенттің сынақ алушының рұқсатымен билет ауыстырып немесе ондағы сұрақтардың біріне жауап беруден бас тартып, іс-әрекетіне сай лайықты бағасын алатыны немесе мүлдем алмайтыны бар. Ал тест жүйесінің “тартымдылығы” сонда - сіздің алдыңызға бір ғана сұрақтың дайын бес жауабы тартылады, қалағаныңызды таңдаңыз! Яғни, нақты жауаптың маңайлапайтынын сезінген студент бұл мәселені көбіне түйсіктің көмегімен шешуге тырысады, кейде бұтаққа дегені терекке тиіп жататыны болады.

Студенттер білімінің неғұрлым әділ бағалануына бәріміз де мүдделіміз. Әрине, тест жүйесінің тиімді тұстарын жоққа шығара алмаймыз. Бірақ жоғарыда аталған келеңсіздіктер ұстаз бен шәкірт арасын мүлдем суытып жібермес пе екен деген күдік те жоқ емес. “Қазақ университетінің” №1 санында жарияланған оқу бөлімінің басшысы, тест дайындау тобының жетекшісі Г.С.Минажеваның сұхбатында (“Будущее за тестированием”, 5-бет) аталған ең басты нәрсе - тест жүйесі мен ауызша сынақ алу әдістерін жымдастыру, біріктірудің ең қолайлы тәсіл екендігі болатын. Тест жүйесі жұртшылыққа тегіс таныс болған шақта көп жылдар сынақтан өткен (ауызша емтихан тапсыру) оқытушы мен студенттің бетпе-бет күресуімен қатар іске асыруға болатын секілді. Алдын-ала алынған тест нәтижесіне көз жүгіртіп отырған оқытушы оның қаншалықты дәл екендігіне өзі-ақ куәгер болар еді әрі әрі амал қай-қай жақтың да әділдіктен аттап өтуіне жол кесер ме еді,

Гүлбигаш ОМАРОВА,
журналистика факультетінің
3 курс студенті.

Ақпарат-айдын

Біздің студенттер ерледі!

Талайдың тісі бата бермес шығыстағы терең тамырлы тілдердің бірі - жапон тілін үйренушілер Қазақстанда баршылық екен. Әсіресе, Алматы қаласының жоғары оқу орындарын осы тілді үйретіп шығаруға құлшынып отырғаны байқалды. Мұны 13-наурызда Студенттер сарайында болып өткен жапон тіліндегі республикалық І-шешендік өнер сайысынан аңғарлық.

Конкурсқа ҚазМУ-дің шығыстану, халықаралық

қатынастар факультетінен, Абылайхан атындағы әлем тілдері университетінен және Алматы халықаралық журналистика институтынан келген 20 студент қатысты.

Жапония елшілігінен, оқытушыларынан кұралған қазылардың конкурсанттарға қойған талабы: тілді жеткілікті дәрежеде меңгергенін дәлелдеп шығу. Ол үшін әр студент қалаған тақырыбы бойынша 5 минут әңгіме қозғайды және қазылардың сұрақтарына жауап

береді.

Сайыс қорытындысы бойынша, алғашқы орын ҚазМУ-дің шығыстану факультетінің 4 курс студенті Қарашев Асхатқа, II орын осы факультеттің 2-курс студенті Мұқашева Мираға, III орын ҚазМУ-дің халықаралық қатынастар факультетінің студенті Теменов Дидарға, IV орын ҚазМУ-дің шығыстану факультетінің 2-курс студенті Қыдықов Бағдәулетке, ал V орын Халықаралық журналис-

тика институтының 2-курсында оқитын Қаражанова Жаннаға берілді.

Жеңімпаздарға бағалы сыйлықтарды тапсырған Жапонияның ҚР-дағы Төтенше және өкілетті Елшісі Хидэката Мицухаси мырза сөзін қазақ тілінде қайырды.

Алғашқы үш орынды иемденген студенттер сәуір айының 23-інде Бішкекте болатын III Орта Азия шешендік өнер сайысында бақтарын сынайды.



Ондай болмақ қайда деп...

Адам ағзаларындағы металдардың болуы кездейсоқтық па?



астына жиналуы бұлшық ет параличін тудырады. Ал кальцийге келсек, ол сүйек ткандерінің түзілуіне, бұлшық еттерінің жиырылуына, қанның уюына қатысады. Организмдегі кальций мөлшерінің төмендеуі сүйектердің жұмсаруына, қисаюына себепші болады. Қан құрамында аз болуы бұлшық еттерін тырыстырады. Артық мөлшері клеткадағы биохимиялық процестерді иницирлейді. Кальций

мөлшері ұзақ уақыт бойы ұлғаятын болса, нәтижесінде кристалды гидроксин апатит түзіліп, адам өліп кетуі мүмкін. Темірдің ферменттері тотығу-тотықсыздану реакцияларын катализдейді. Гемоглабиннің құрамында болады. Биологиялық функциясы - оттегіні өкпеден клеткаларға тасымалдау. Темір ионының жетіспеуі қанның "анемия" ауруын тудырады. Артық мөлшері жүрек, бауыр, өкпе қызметтерін бұзады.

Сонымен, организмнің ауруға шалдығуы құрамындағы металл иондарының мөлшеріне байланысты деп қорытынды жасауымызға болады. Бірақ, бізге белгілі металдардың бәрі организмге пайдалы, қажет деп айтуға болмайды. Олардың пайдалысы да, әрі зияндылары да бар. Мысалы өте улы металдарға сынап, қорғасын, кадмий, хром, талли, күміс тұздары жатады.

Сынап тез буланғыш болғандықтан өкпеге тез еніп, суда жақсы еруіне байланысты ішекке сіңіріледі. Нәтижесінде бүйрек қызметін бұзады. Қорғасынның өзі де, қосылыстары да улы. Онымен улану әдетте созылмалы болады. Қорғасын сүйекте өте бәсең жиналып, ұзақ сақталынады. Тіс, ішек, бүйрек, нерв жүйелерінің ауруы - қорғасынмен уланудың нәтижесі. Қорғасынмен улану оның қосылыстарымен немесе металл ұнтағымен демалу нәтижесінде болады.

Қорыта келгенде, металдардың пайдалы немесе зияндылығы олардың мөлшеріне, қосылыстарының қасиетіне байланысты. Қай металдың әсері қандай екенін білу арқылы, ауруға қарсы күресуімізге болады.

Сандуғаш БҰРШАҚБАЕВА,
педагогика кафедрасының
2 курс магистрі.

Асың,
асың,
асыңа,
Береке
берсін
басыңа!

Қытай баспасөзіндегі 9 цифры

1899 жылы

Қытайлар өз баспасөз тарихын VIII ғасырдан бастайды. 999 жылы Соң патша "Орда" газетінде "оғаш" сөздерге жол берілгені үшін "Диң бін" (басуға қол қою) деген заң шығарып, газетті қадағалап отыруға өзінің бір уәзірін белгіледі. Бүгінгі қытай баспасөзі тарихын зерттеушілер өз баспасөздеріне 1000 жыл бұрын бақылау орнағанын мақтаныпшып жазады.

1899 жылы

Қытай демократиялық төңкерісінің көсемі Сун Жоң санның ұйымдастыруымен Қытайдың әйгілі газеті "Жуңгорібау" (Қытай күнделігі) Гонконда тіркесуден өтті.

1919 жылы

Қытайдағы "Жаңа жастар" журналы сияқты басылымдардың үндеуімен ұйымдасқан Қытай жастарының отаршылдыққа қарсы қозғалысын Қытай үкіметі қанды қырғынмен жаныштады.

1949 жылы

Коммунистік партияның билікке келуімен Қытайдағы барлық басылымдар компартияны органына айналды.

1979 жылы

Диң Шиупин ортаға қойған "Идеяны азат ету" ұраны негізінде Қытай баспасөзіне бақылау босаңсыды.

1989 жылы

Пекіндегі жастар қозғалысы жанышталып, "Баспасөзде буржуазиялық еркінсу пайда болды", "сары түсті мақалалар жарық көрді" деген бәтуамен Қытай баспасөзіне бақылау мен реттеу қайта күшейді.

1999 жылы

Қытай баспасөзіне бақылау орнағанына 1000 жыл толғанын Қытай журналистері қалай атап өтер екен?

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ.

Күнделікті өмірде біз металдармен жиі кездесеміз. Қарапайым электр шамының, плитканың, үтіктің, яғни электр бұйымдарының іске қосылуы осы металдардың көмегімен жүзеге асырылады.

Металдардың қолданылмайтын жері жоқ. Яғни біздің өміріміз металдармен тығыз байланысты десек қателеспейміз. Енді осы металдар адам организмінде бола ма? Болса неліктен? Олардың маңызы, қызметі қандай?

Организмде Na, K, Mg, Ca, Fe, Tn, Cu, Co, Mn, Mo металдары тұз түрінде, белоктармен, нуклеин қышқылдарымен, ферменттермен күрделі биокөмектер түрінде биохимиялық реакцияларға қатысады. Адам тіршілігі үшін металдардың маңызы өте зор. Металлоферменттер әрқайсысы өздеріне тән қасиеттерді атқарады. Мысалы мырыштың 40-ферменті пептидтердің, белоктардың, альдегидтердің, эфирлердің гидролизін натализ дейді. Мырыш мөлшері азайса, оның ферменттері өздерінің каталитикалық активтіліктеріне жояды. Артық мөлшері жүректі айнытып, ас қорыту жолын зақымдайды. Қазіргі кезде медицина осы металдардың мөлшерінің үйлесімді концентрациядан асып немесе төмендеп кетуіне байланысты әр түрлі қауіпті аурулардың туындауының себебін зерттейді.

Металдардың организмге зияндығы олардың қандай мөлшерде, қандай қосылыс түрінде енуіне байланысты болады. Мырыш оксиді және металл ұнтағы өкпені зақымдап, терінің экзема және дерматит ауруларын тудырады. Сондықтан мырышталған ыдыстан су ішуге болмайды. Мырыштың еріген ерітіндісі ас қорыту жолын зақымдайды.

Магний мен кальцийге келетін болсақ, олардың функциялары өзгеше. Магний ионы клетка ішінде нуклеин қышқылымен комплекс түзіп, нерв импульсін беруге қатысады. Өсімдік фотосинтезінде маңызды роль атқаратын - хлорофил де комплекс түзуші болып саналады. Сонымен қатар көптеген ферменттердің активтілігін реттеп отырады. Магнийдің артық мөлшері "литейная лихорадка", тері



Студент студент көзімен

Студент - ізденуші


Жалпы, “студент” шет тілінен аударылғанда “ізденуші” деген мағынаға ие. Ал қазіргі студенттерге келер болсақ, оларды түгел дерлік ізденуші деп айтуға болмайтын сияқты. Себебі, көбісі сабаққа енжар, күлкі жоқ па, әлде әлдекімдерге сене ме, түсінбейсің. Көбісі 5-6 айдың көлемінде жайбарақат жүреді екен де, сессия жақындағанда тыпырлай бастайды екен. Мен студент атанбай тұрғанымда: “Бұл студенттер өте қатты ізденетін шығар,, оқуға жан-тәнімен берілетін шығар” - деп ойлаушы едім. Олай болмады. Көбісінің ойында “алма піс, аузыма түс” деген ниғыл бар секілді. Әрине, барлығына бірдей күйе жағуға болмайды, оқытындары да бар, бірақ сирек.

Оқымайтын тағы бір себебі, қазір, жалпы көп оқу орындарында мұғалімдердің кітап сатуы жиілеп кетті. 1-2 кітап алсаң зачет немесе аттестациянды қойып береді. Сонсоң, студенттердің басында “сонша оқып, ми ашытқаннан, сол кітапты ала салмаймын ба” деген қате ой туады. Студент - болашақ маман, жас буың, еліміздің ертеңгі тірегі. буыны қатайып үлгермеген жастарды осындай теріс қылықпен (яғни, оңай жолмен баға алу немесе т.б.) баулыса, одан қандай маман немесе елдің ертеңгі тұтқасын ұстайтын азамат шығуы мүмкін. Баға - бастысы емес, ой-сананда бірдеңе болуы керек.

Жалпы оқу орындарында ақылы бөлімдердің кең етек алғанына да бірнеше жылдың жүзі болды. Оқымайтын студенттердің көпшілік бөлігі - осы ақылы бөлімдерде ма деймін. Олардың санасында: “Ой, ақшамды төлеп қойдым, әйтеуір келіп-кетіп жүрсем болды” - деген жаңсақ пікір қалыптасқан ба деп ойлаймын кейде. Керісінше, олар басқаларға қарағанда көп ойлануы керек. Солар үшін әке-шешелері жыл сайын 1000 доллардың көлемінде ақша береді. Қазір ақша табу оңай емес, барлық жерде жұмыссыздық. Бұл әсіресе ауыл халқына қиын түседі.

Сондықтан, студент қауымына айтарым: “мейлі сен ақылы бөлімде оқы, мейлі басқа бөлімде оқы, бірақ сен болашақ маман екеніңді естен шығармағайсың. Баға үшін оқымандар, саналарыңа бірдеңе барғанын қадағалаңдар. Еліміздің ертеңі сендерсіңдер!

Гүлнара.



Жақындасын алысың,
Бақыт, байлық дарысың!

Нау мен Рыз
(ертегі)

Ерте, ертеде, ешкі жүні бөртеде, осыдан бірнеше ғасырлар бұрын әлемді қара түнек басып тұрыпты. Хан бір күні түс көреді. Түсінде бір бейтаныс дауыс қулағына шалына береді: “Сенің әйелің жүкті болады, ол саған қыз бен ұл тауып береді. Бірақ сен оларды көруге хақың жоқ. Талай қиянат жасағаның есінде ме? Өз қолыңнан жасағанның бәрі де өз басыңа түспек... түспек... түспек...”

Хан шошып оянады. Айтқанындай-ақ көп ұзамай әйелі бір ұл, бір қыз табады. Қыздың атын Нау, ұлдың атын Рыз деп қояды. Олардың мандайында мендері болады. Тура 12 жыл, 12 ай, 12 күн, 12 сағат, 12 минут өткенде күн тұтылып, хан сарайына үшкыш кілеммен аспан әлемінің қожасы келіп, егіздерді алып кетеді. Бар айтқаны: “Хан, сенің қызың Күн болып, ұлың Ай болады. Екі балаң бірін-бірі ешқашан көрмейді. Сен де көрмейсің. Менің сиқырымды бұл жағанда ешкім де шеше алмайды...”

Хан мен әйелі зар қағып жылайды. Күнді көріп қуанып, Айды көріп мұңаяды. Хан қатты қайғырады. Ханның бұдан басқа балалары болмайды. Жалғыздықтың құсасынан әйелі көз жұмады. Хан да көп шыдамайды. О дүниеге аттанар алдында уәзірін шақыртып: - Айналайын уәзірім, саған артар бір жүгім бар. Аспандағы балаларымның бір-бірін көрмеуі мені қатты қайғыртты. Сен соларды қос!” деп көз жұмады. Хан уәзірі өте ақылды еді. Ай кеткенде Күн келіп, Күн батқанда Ай туып, Нау мен Рыз бір-бірін көрмейді. Сонда уәзір 12 жыл, 12 ай, 12 күн өткенде биік шыңның басына шығып айқай салады: - Әй, аспан әлемінің әміршісі, менің хан иемнің айтқан аманаты бар еді. Әйтеуір бір амалын тап. Өзің алып кеткен ұл мен қыз тым болмаса жылына бір рет кезігіп тұрсын. Басқа өтініш жоқ!”

Содан тағы да 12 жыл, 12 ай, 12 күн, 12 сағат өткенде, тура үшінші айдың 22-сінде Ай мен Күн аспан әлеміне бір келіп, теңесіпті. Екеуі қосылғаннан кейін ел ішінде аңыз тарап, Жаңа Жылдың басы да осы күн мен айдың теңескен күні, яғни Нау мен Рыздың қосылған күні деп Наурыз мерекесін тойлайтын болыпты.

Әлия КӘКЕНҚЫЗЫ.

Мен өзімді бақытты санаймын

Мектепте ешбір ұйым-қайғысыз, ата-ананың демеуімен жүрсе, студенттік өмірге аяқ басу - болашақтың есігін ашумен бірдей. Менің ойымша, студент - ақыл-ойы кемелденген, болашаққа нық сеніммен қарайтын, алды-артын бірге ойлайтын азамат.

Мен өзімді бақыттымын деп санаймын. Себебі, мен Алматы қаласының ең бетке ұстар жоғарғы оқу орны - Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті қабырғасында оқимын.

Аида АҒЫБАЕВА.

Ол – болашақ маман

Демек, оқу орындарына түсіп, студент атанбай, ешқандай білім, мамандық игерілмейді. Қазіргі кейбір студенттердің ойы білім алуда емес, басқала болып кетті. Сабаққа келмей, семестрдің соңында пара беруі, жастардың ішімдікке салынуы, қазақ қыздарының бүркқыратып темекі шегуі т.т.

Ағаларымыз айтқан еді: “кезінде кітапханаға студент симай, сыртында кезектесіп тұратынбыз” деп. Ал қазір студент тек сессия кезінде кірсе кірді, кірмесе ол да жоқ.

Әйтсе де, өмірдің ең қызықты кездері - студенттік жылдар деп ойлаймын.

Н.ЕСДӘУЛЕТОВА.

Адамына қарай заманы

Студент жастардың қазіргі шынайы өміріне келетін болсақ, бәрінің өмірі бірдей деп айта алмайсың. заман талабы ма, әлде экономикалық жағдай ма, әйтеуір қазір студенттің өзі бірнеше топқа бөлініп кетті. Тек білім алып, ғылым құсам дегендер және өйтіп-бүйтіп, әке-шешенің арқасында бітіріп, пайдалы, майлы орындарға жұмысқа орналасып алсам дегендер. Әсіресе, осы соңғы жәйтті ойлайтындар көбейіп кетті. Неге? Оған ешкімнің бас қатырғысы, ойланғысы келмейді, бәрі тек “Заманына қарай адамы” деп заманды кінәлайды, шындығында “Адамына қарай заманы” екендігін түсінгісі келмейді.

Олай болса, алтын дәуіріңді бос өткізбей, еліңнің болашағын ойлайтын азамат болуға тырысып, студенттік өміріңнен ұмытылмас сәттер қалдырып, “студент” деген атқа лайықты бол - арманы асқар таудай жас студент!

Гүлмира ӘБІШЕВА,
2 курс студенті.



Ұлыс күні

жас пен кәрі
көріскен,

Қыстан қалған

дәм мен туын
бөліскен...

Жаңа кітап жарық көрді

Библиотечный абонемент предлагает

1. Байгісиев М. Халықаралық экономикалық қатынастар: Оқу құралы. - Алматы: Санат, 1998. - 192 б.

Кітапта халықаралық экономикалық қатынастардың құрылымы, оларды жүзеге асырудың механизмі, қазіргі таңдағы дамуының негізгі тенденциялары мен ерекшеліктері қарастырылады.

Халықаралық экономикалық қатынастардың практикасы және оған Қазақстан экономикасының интеграциялану процесі байланыстыра зерттеледі.

2. Көсікбайұлы Ө., Өскенбайұлы М. Статистиканың жалпы теориясы: Оқу құралы. - Алматы: Ғылым, 1998. - 196 б.

Нарықтық экономикаға өту кезеңінде теориялық және практикалық іс-тәжірибесі мол шетелдермен тиісінше экономикалық қарым-қатынас жасау үшін статистика ғылымын мемлекеттік мәртебеге ие болған ана тілімізде оқып-үйренудің маңызы өте зор. Статистика - әрбір қоғамның саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуының айнасы, статистикалық деректер арқылы бүкіл мемлекеттік құрылыстың тыныс-тіршілігін, даму немесе құлдырау кезеңдерін және олардың нақты себептерін айқын көруге болады.

3. Мамыров Н.К., Мадиярова Д.М., Қалдыбаева А.Е. Халықаралық экономикалық қатынастар. - Алматы: Экономика, 1998. - 177 б.

Ұсынылып отырған оқу құралында халықаралық экономикалық қатынастар пәнін оқып-үйрену курсының басты бағыттары қарастырылған. Сонымен қатар, әлемдік валюта жүйесі және қазіргі валюта-несие институттарының құрылуы мен дамуы барысы, әлемдік капитал айырбасы, оның формалары мен әлеуметтік-экономикалық тиімділігі, Қазақстанға шетел инвестицияларын тарту, Қазақстан Республикасының халықаралық экономикалық ұйымдарға кіруі мүмкіндігі, т.б. бүгінгі таңдағы өзекті проблемалар талданады.

4. Бердалиев К.Б. Основы управления экономикой Казахстана: Учебное пособие. - Алматы, 1998. - 148 б.

В данном учебном пособии рассматриваются наиболее важные вопросы организации управления, изучение которых поможет будущим специалистам получить представление о том, как эффективно осуществлять управленческую деятельность в условиях постоянно меняющейся экономической обстановки.

5. Исингарин Н. Проблемы интеграции в СНГ. - Алматы: Атамұра, 1998. - 216 с.

В книге исследуется опыт становления новых независимых государств, созданного ими Содружества, Экономического и Таможенного союзов и других региональных организаций, рассматривается их деятельность в сравнении с мировой практикой.

6. Нарисбаев К.Н., Жатқанбаев Е.Б., Мухтарова К.С. Методы научных исследований в экономике: Учебное пособие. - Алматы: Қазақ университеті, 1998. - 236 с.

В данном учебном пособии рассмотрены методы научных исследований в экономике, а также области их применения.

Кроме того, в учебное пособие включены наиболее современные и часто применяемые научные методы как в жизни, так и в теоретических исследованиях.

7. Сатубалдин С.С. "Драконы" и "тигры" Азии: сможет ли казахстанский "барс" пройти их тропами? - Алматы: Ғылым, 1998. - 600 с.

В книге рассмотрены проблемы и особенности развития казахстанской экономики на основе сравнительно-исторической методики, дающей возможности раскрытия положительного опыта стран Восточной Азии, называемых "тиграми", а также перспективы использования их методов выхода из экономического кризиса.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы
Қазақ мемлекеттік
ұлттық университетінің
ректораты және
журналистика
факультеті.

Газет Қазақстан
Республикасының
Баспасөз
және бұқаралық ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№ 1242 куәлік берілген.

МЕКЕН-ЖАЙЫ

480078, Алматы қаласы
әл-Фараби даңғылы, 71,
ректорат,
10 қабат, 1008 бөлме
Тел.: 47-82-50, 47-19-24.

Бас редактор -
Сағатбек
МЕДЕУБЕКҰЛЫ;
Нөмірдің кезекші
редакторлары -
Мұхтар СЕҢГІРБАЙ;
Айнұр КАРГАЛИНОВА;

компьютерде терген
және көркемдеген -
Айтгүл БАБАСОВА;
Фототілші -
Арман СӘРСЕНБИЕВ;

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

К.Н.НӘРІБАЕВ,
ректор
Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ,
ұйымдастыру және
коммерциялық
жұмыстар жөніндегі
проректор;
Л.АХМЕТОВА,
кәсіподақ ұйымының
төрайымы;
Ж.ДӘДЕБАЕВ,
филология факультетінің
деканы;
Н.ОМАШҰЛЫ,
журналистика
факультетінің деканы.

Жарияланған мақаладағы
автор пікірі редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Нөмір ҚазМУ-дің "Қазақ
университеті" баспасында
26.02.99. күні басылып
шықты. Бағасы келісім
бойынша. Таралымы - 500
дана. № 605 тапсырыс.